


Қызмет алушы үшін стандарт бойынша ЖАДЫНАМА
«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты



Қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;
- 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;
- 4) флюросуреті қоса берілген 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 5) ҰБТ-дің немесе кешенді тестілеудің сертификаты (бар болса);
- 6) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін).

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

- 1) тапсырылған құжаттардың тізбесі;
- 2) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері көрсетіледі.